



Филология ғылымдарының докторы, профессор
Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызының
75 жылдық мерейтойына арналған
**“ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ
ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІ”** атты
халықаралық ғылыми-теориялық
конференциясының

ЖИНАҒЫ

Алматы, 2025

3. Қайдаров А.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998. – 303 б.
4. Қайдаров Ә.Т. Тарихи лексикология және этнолингвистика // Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 33-39 бб.
5. Сабыр М.Б. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің фоно-морфо-семантикалық сабақтастығы. – Алматы: «Libet» баспасы, 2021. – 464б.
6. Жилкубаева А.Ш. Лексика питания в тюркских языках: дисс. ... докт. филол. наук. – Бишкек, 2013.
7. Гильом де Рубрук. Путешествие в восточные страны / Перевод А. И. Малеина; Отдел рукописей редких и старопечатных книг. — М.: Государственное издательство географической литературы, 1957.
8. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям / [Пер. с польск. и предисл. с I-XXXVIII, Ф. Стекловой]. - Алма-Ата: Казахстан, 1966. - 267 с.

ТҰРАҚТЫ СӨЗДЕРДІҢ ТАРИХИ ДАМУ СИПАТЫНАН (Г.СМАҒҰЛОВАНЫҢ ҰСТАНЫМЫ БОЙЫНША)

Сағындықұлы Бекен
филология ғылымының
докторы, профессор,
Ә.Марғұлан университеті, Павлодар, Қазақстан

Түйіндеме. Жалпы тіл біліміндегі, оның ішінде қазақ ғылымындағы ең көп зерттелген сала тұрақты сөздердің проблемасы болып табылады. Автордың пікірінше, соңғы жиырма жыл осы саланың ішкі құрылым жүйесін анықтауға көшті. Солай бола тұра, қазіргі уақытта оның шығу тегі, тарихи даму сипаты, осы жайттарға қатысты ғылыми көзқарастар біршама ұмыт қалғандай әсер қалдырады. Мақаланың мақсаты-осы бағытты түгендеу. Мақала барысында айтылған тұжырымдардың негіздемесі өткен ғасырдан басталады, ал жаңа ғасыр ішкі мазмұнның мәні-фразеологиялық тіркестердің құрылымы мәселесін шешуді көздейді. Ғалымдар пайымдауындағы теоремаларды қазіргі практикалық бағытқа бағыттайтын уақыт келді. Сондықтан мақалада қазіргі кездегі ғылыми болжамдар мен фразеологиялық ғылымдағы жаңа тұжырымдардың максималды презентациясы қарастырылған. Осылайша, мақала мәні 1) орыс және қазақ тіл білімі бойынша ғылыми-теориялық зерттеулермен және 2) олардың қазақ ғалымдарының өлшемдеріндегі тұжырымдарымен шешіледі.

Annotation. The most studied area in general linguistics, including in Kazakh science, is the problem of stable words. According to the author, the last twenty years have already moved on to defining the system of the internal structure of this industry. And his origins, the nature of historical development, and scientific views on these moments gave the impression that they had been somewhat forgotten. The purpose of the article is to make an inventory of this area. The rationale for the conclusions outlined in the course of the article dates back to the last century, and the new century is puzzled by the solution of the question of the meaning of the internal content-the structure of phraseological combinations. The time has come to spend theorems in the reasoning of scientists in a modern practical direction. Therefore, the article provides for the maximum presentation of currently available scientific assumptions and new conclusions in phraseological science. Thus, the task of the article is solved in two directions.: 1) scientific and theoretical research on Russian and Kazakh linguistics and 2) their conclusions in the measurements of Kazakh scientists.

Keywords: man and language, logical thinking, lexical combination, synonymous phraseological units, phraseological meaning.

Фразеологиялық ілімнің зерттелу мен зерделену тарихы терең. Қазіргі ұстаным бойынша, фразеологизм – жеке бірлік, тіпті тіл білімінің жеке бір саласы ретінде танытылады. Қай тіл білімінде болмасын, аталған тақырып ғылыми әлеуеті тұрғысынан алдыңғы қатарлы тұжырымдарға толы. Ғалым В.В.Виноградовтың фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп тарқатқан тілдік бірлігі лексикалану мен идиомаланудың

жолдарын өткергені анық. А.А.Реформатскийдің жарық көрген еңбектерінің аталған тақырыпқа қатысты тұсында «Лексикаланған тіркесімдердің тарихи даму тұрғысынан карағанда, белгілі бір бекітілген жағдайдың орны мен уақытына өте тығыз байланысты, сонымен қатар әр тілде жекелік сипатқа ие, өзгеше және тікелей аударылмайды. Сондықтан да олар идиома деп аталады» деп анықталады [1, 92]. «Классикалық оқулық» деп танылған және қайта-қайта таркатылған бұл кітап 1955 жылы оқу құралы ретінде ұсынылып, кейінгі шығарылымдарында оқулық дәрежесіне жеткен. Тіпті, кітап атауына да өзгеріс енгізілген: алғашқы басылымы «Введение в языкознание» болса, одан бертіндегілері «Введение в языковедение» болып ауысқан. Бүгінгі күні бұл еңбек жаңартылған, толықтырылған бесінші шығарылымымен оқырмандарына таныс.

Қазақ тіл білімінде сөздердің, оның ішінде фразеологизмдердің, лексикалану сипатына мән беріп, оларды «сөз тізбегі» деп атаған ғалым С.Аманжолов еді. Жоғары мектеп үшін ұсынылған еңбек «Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқа курсы» деп аталды. Соңғы уақыт «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» аталымымен бекітіп жүр. Еңбек атауында синтаксис ілімі болғанымен, мақала тақырыбына сәйкес келетін тұстары жоқ емес. «Сөз тізбегі, яки сөздердің тізбектелуі деген мәселенің өзі екі түрлі ұғымды шеше алады», - деген ғалым оларды лексикалық тізбектер және синтаксистік тізбектер қатарына жинақтайды. Лексикалық тізбек қатарында *құла ат өлген сай, қоян жүрек, көрсе қызар* сынды бірліктер тұр да, синтаксистік тізбек қатары тіптен мол. Олар «1) идиомдық қасиеті бар сөз тізбектері. Мысалы: құлақ қоймайды, көз салмайды, сөз етпейді, ауыз бармайды; 2) фразалық тізбектер. Мысалы: қолы қысқа, басы бос, көзі өткір, құлағы мүкісті, құлақ құршы» [2, 66]. Әрине, қазіргі ұстаным тарапынан фразалық тізбектерге басқаша қарау орын алған. Дегенмен ғалымның «бірнеше сөз бір мағынаға ие болып жүруін» дөп басқанын жоққа шығара алмасак керек. Әрі оның сөйлем ішінде шешімін тауып жататынын әсте есте ұстау қажет деп білеміз.

Бағалап қарасақ, орыс және қазақ тіл білімінің бастау көзі боларлық еңбектер фразеологияға қатысты ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын екшеп берді. Бұлар кейіннен басқа да жеке ғалымдардың ұстанымдарына ұласты. Қазақ тіл біліміндегі өрісі кең тұрақты тіркес ілімін таратқан ғалымдар қатарында профессор Г.Смағұлова да бар. Ірі зерттеулер мен зерделеулерге толы фразеологизм мәселесін жарактандыруда ғалымның өзіндік ой-пікірі бар. Бүгінгі мақала осындай ғылыми бағыттың шешімін жетілдірген мәселелерді қозғайтын болады.

Сөздердің тұрақтану үдерісі, басқаша айтқанда тілдегі идиом бірліктер, көп ғасырлық дамудан өткен сала болып табылады. Ал олардың тіркесімінен пайда болатын ойдың түп төркініне жетудің де ұзақ уақыттың нәтижесі екені анық. Мұндай ойлау мифологиялық ойлау мен логикалық ойлау сатыларынан өтеді. Көп жағдайда мифологиялық ойлауды логикалық ойлауға дейінгі кезең деп белгілеген француз оқымыстысы, антрополог, этнолог, философ Л.Леви-Брюль болса керек. Оның 1930 жылы жарық көрген «Первобытное мышление» еңбегіндегі тұжырымдары 1922 жылы жарияланған осымен аттас мақаласынан басталады. Мақалада ежелгі адамдар қоршаған ортаны қалай қабылдады, олардың қазіргі адам санасынан айырмашылығы болды ма, ежелгі адамдарға тән ой белгілері қазіргі адамдарда сақталды ма деген сынды сауалдарға жауап іздейді. Ежелгі адамдар қатары аустриялық, фиджийлық, түземдік сынды халықтармен жеткізілген. Ғалым пікірінше, «Алғашқы ойлау логикаға дейінгі ойлаумен (пралогический) ассоциаланады, бірақ пралогика логикалық ойлаудың алғашқы сатысы деп айту жөн бола қоймайды. Себебі бізде оларды салыстыру мүмкіндігі жоқ. ...Солай бола тұра, көптеген жағдайда алғашқы ойлау қазіргі ойлаудан барынша ажыратылады. Олар мүлде басқаша бағытта, нақтырақ айтқанда, мистикалық себептерге толы. Олардың санасында белгілі бір мақұлық бір уақыт шеңберінде екі немесе одан көп орында жүре береді» [3].

Мұндай салыстыруларды қазақ тіл білімінің ғалымдары да іздеп көрді. Мәселен, С.Аманжолов жоғарыда Л.Леви-Брюль тілге тиек еткен *ежелгі адамдарға тән ой белгілері қазіргі адамдарда сақталды ма* сынды сауалға сәйкесінше жауап іздейді: «Мысалы: *қарным ашты, ішім бұрды, мал көзіме көрінді, құлақ қойдым, ашу қысты, сөз өтпейді, жаным ашиды* т.б. Міне, осылардың әрқайсысы қазіргі логикалық ойлаудың өлшеуіне қайшы келеді.

Байыбына барып қарасак, мұның әрқайсысы өзінше мифке, магияға байланысты. Өйткені *қарным ашты*, шын мағынасын алғанда, *жесім келдімен* тең. Алғашқы адамдар қарын «жеу» арқылы тоғаятынын абстрактап байқап білуді керек қылмай, тура қарнының ашығанын (ауырғанын) бірден көрсетеді. Қазіргі тура логикалық ұғым бойынша, *қарын ашықты* дегенде болмаса *қарын ауырды* деген сөз тамақты керек қылмай, дәрі-дәрмекті керек қылады ғой. Алғашқы ойлау тура бірдемені керек ететін заттың өзін көрсететін сөзді керек қылатынын осыдан-ақ көруге болады» [2, 13].

Бұл мәселеге Қ.Жұбанов тереңдей еніп, қарапайым тілмен түсіндірді: «Ежелгі дәуір адамдары әр заттың, әр нәрсенің не жақсы, не жаман иесі бар деп түсінген. Сондықтан жақсы жақтағыларды *құдай, періште, пайғамбар, әулие* деп атап, жаман жақтағыларды *шайтан, албасты, пері* (мұның да екі түрі бар) деп сенген. Алғашқы қоғамдағы адам бұларды нақты өмір сүретін нәрселер деп білген. Осы күнге дейін *ҚазПИ пәлен қылып жатыр* деуіміз бұған дәлел. Төрт түліктің пірі, қолдаушысы ретінде сиыр атасын – Ойсыл қара, түйе атасын – Зенгі баба, жылқы иесін – Қамбар ата, қой малының иесін – Шопан ата, ешкінің пірін – Шекшек ата деп атау сол кезден қалған» [4, 493].

Қазіргі ойлау бұлардың төркініне саңылау салмайды. Сондықтан да әр құрылымда келген фразеологиялық тіркесімдерді адам пайымы толығымен қабылдай алады. Бұл – сананың жоғары дәрежелі қабылдауға өткендігінің белгісі. Осыдан да болса керек, қазіргі таңда тілдегі тұрақты тіркестердің ішкі құрылым жүйесінен гөрі басқа тілдік бірліктермен арақатынасы, өзара мәндестік сипаты сықылды мәселелер күн тәртібіне көтеріліп, ғылыми қаузауға айналды. Мән-жайға айқын басымдық берген еңбектің бірі – мағыналас фразеологизм сөздерін жинақтаған еңбек. Еңбек иесі фразеологиялық мағына түсінігін алдыңғы қатарға шығарады: «Адамдар сөйлем қажеттілігін өтеу кезінде фразеологизмдерді алдымен айтайын деген ұғымның мағынасына қарай таңдайды. Сондықтан мағыналас фразеологизмдердің қатар басы фразеологиялық мағынаға бағыт беретін тірек сөз – лексикалық мағынадан басталуы керек. Яғни, мағыналас фразеологизмдердің доминанты ретінде қатар басында жалпы тірек ұғымға негізделген лексикалық мағына – бір сөз тұрады» [5, 3].

Жоғарыда ғылыми дәйек ретінде берілген С.Аманжолов мысалдарын осы аталған сөздік түзіліміндегі мағыналас фразеологизмдермен тарқатып көрдік. Ғалымның *қарным ашты* фразеологизмі реніш, ренжіту сипатындағы сөздің ұғымын ашады. Ал ол мәнге мынадай фразеологизмдер синоним ретінде жұмсалуда бейім: *араларынан қара мысық өту, дақ салу, желке жүндері үртісу, көңілін басып тастау, кір келтіру, ішіне мұз қату*. Жақсы көрудің бір нұсқасы *ішім бұрды*. Бұлардың синонимдік қатарында *ес-түсінен айырылу, өлердей жақсы көру, шығарда жаны бөлек және т.б.* тұр. Тыңдау ұғымын беретін *құлақ қойдым* тіркесімімен мағыналастыққа *зейін қою, құлақ құрышы қану, құлақ түру (салу), құлағына құю* тіркесімдері келеді екен де, ашулану ұғымындағы *ашу қысты* тіркесімінің қатарын елудің үстінде фразеологизмдер атқарады екен. Соның біразы мыналар: *аузына келгенін айту, ашу шақыру, ашуға булығу, ашуы алқымына тығылу, зығыр даны қайнау, ит жыны келу және т.б.* Бұларға қарағанда, тыңдамау сөзін қанағаттандыратын сөз *өтпейді* фразеологизміне мәндес болатын сөздер екеу: *құлақ қоймау, құлақ салмау*. Қамқор, жанашыр болу мәніне С.Аманжоловтың *жаным ашиды* тіркесімі сәйкесе, Г.Смағұлова мұның синонимдік қатарын жиырма тоғыз тіркесіммен жеткізіпті. Солардың бірқатарын келтірсек, *бақайын сазға тигізбеу, жаны соның үстінде, көз қырын салу, қол ұшын беру, оң жағына қондыру, суығына тоңып, ыстығына күйе, шаң жуытпау, іші бұру*. Бұл жайтты бұлайша барынша саралаудың да өзіндік орны бар. Біріншіден, барлық мәндес фразеологизмдерді жіпке тізгендей көрсету мақсат емес, екіншіден, ғылыми сабақтастықты көрсету мұрат болды. Үшіншіден, теориялық мәселенің тәжірибелік тұрғыдан ұштасуы көзделді.

Жалпы, сөздердің тұрақтану сипатына (устойчивые сочетания слов) жақын түсінік берген – Р.А.Будагов. Ғалым еуропа халықтарының тілдеріндегі тұрақты тіркесімдерді басқа тілдерге сөзбе-сөз аудару мүмкін еместігін мысал ретінде байқатады: «В каждом языке есть различные идиомы. Болгарин скажет *излизам на глава*, буквально «выхожу на голову», т.е. справляюсь с чем-либо; мысль о крепком сне француз передасть выражением *dormir sur les*

deux oreilles, буквально «спать на два уха»; а немец при помощи словосочетания *einen Affen haben*, буквально «иметь обезьяну», сообщит о том, что кто-то на веселе» [6, 81]. Мұндай тұжырымдарды қазіргі тұрғыдағы ғылыми жетістік ретінде көрсету шынайылықтан алшақ екені ақиқат, бірақ тарихи аксиома екеніне сөз жоқ. Қазіргі уақытта белгілі бір тілдің бірліктерін басқа тілдік фразеологизмге аударуды ғана емес, ондай тұрақты сөздердің жеке бір даму барысында кездескен көзқарастар белгілі бір бірліктердің тіл білімінің ішкі құрылым жүйесі ретінде болғандығын алға тартады. Мәселен, 1972 жылы көп мәселенің басын ашқан «Общее языкознание» атты ұжымдық еңбек тілдің ішкі құрылым жүйесін анықтады. Еңбек лексика мен фразеология саласын жеке-жеке тарқатты. В.Н.Телия тұрақты емес сөздер лингвистика пәнінің ерекше түрі ретінде бағалайды. Оның бұлайша бағалауына А.А.Потебня, А.А.Шахматов, Ф.Ф.Фортунантов, В.В.Виноградов тұжырымдары итермелеген. «Логика этого определения сводится обычно к следующему: единицы языка не производятся в речи, а воспроизводятся в готовом виде – несвободные сочетания слов также воспроизводятся в готовом виде, репродуцируя известное носителям языка значение и лексико-грамматический состав, вместе образующие автономную структуру» [7, 465].

Дәл осы айқындаулар басқа тіл біліміндегі көрсеткіштерден алыс емес. Кешегі тәуелсіздікке дейін, тіпті онан кейінгі он шақты жыл шамасы әбден қалыптасқан теорияларды тарқатып отырды. Бұлай бола беру мүмкін де емес еді. Сондықтан басқа да ғылыми талдаулар туындады. Бұған тұрақты сөздер ілімі де көнді. Жоғарыда талдауға іліккен мағыналас фразеологизмдер осындай бағыттағы еңбектің көрсеткіші болатын. Уақыттың өзі алып келгеніндей, қандай тілдік бірлік болмасын ұлттық таным тұрғысынан қарастырылуға сұранып тұрады. Г.Смағұлованың зерделеуінде де «Фразеология – тұрақты тіркестерді (кең мағынада) зерттейтін лингвистикалық пән. Сондай-ақ, тілдердегі фразеологизмдерді қарастыратын тіл білімінің саласы» [8, 16]. Осы еңбек фразеологизмдердің варианттылығын (лексикалық, морфологиялық, фонетикалық), пайда болу себептерін, олардың әр алуан мағыналық топталуын (мағыналас фразеологизм, қарсы мәнді фразеологизм, фразеологизмдік көпмағыналылық және фразеологизмдегі омонимия) барынша танытты. Бұл – оқу құралы ыңғайында ұсынылған еңбек. Ал фразеологизмдерді, оның өзінде тек мағыналас фразеологизмдерді, ұлттық-мәдени аспектіде қарастыру монографиялық еңбекке алып келді. Ғалым Г.Смағұлованың пікірінше, «Қазақ тіліндегі фразеологизмдер айналадағы қоршаған орта заттар мен құбылыстарға этнос тұрғысынан баға беру, сипаттау арқылы сол ұлттың ұлттық менталитетін, көзқарасын, дүниетанымын аңғартады» [9, 148]. Бұл еңбек нәтижесінде мағыналас фразеологизмдер арқылы тілдегі адам факторы алдыңғы қатарға шығып, фразеосемантикалық өрістің иерархиясы орнығады.

Қорыта келгенде, ғылыми нәтижелер жеке ғалым ұсыныстарымен анықталатынын ескерсек, мақаладағы орыс, ағылшын және қазақ тілді еңбектердегі тұжырымның ақиқаттығына көз жетеді. 1) А.А.Реформатский пікірінше, идиомданған бірліктер жекелік сипатқа ие және олар басқа тілге аударуға көнбейді. Бұл тұжырым кейіннен барлық тілдердегі ғылыми ұстанымға ұласты; 2) алғашқы ойлау мен қазіргі логикалық ойлаудың айырым жігіне назар аударған Л.Леви-Брюль мен С.Аманжолов пікірлерінде жоғары дәрежелі сәйкестік бар. Мұндай сәйкестікке дәлелдемелер тілден мол орын алған фразеологиялық бірліктер арқылы анықтала түседі және 3) алдыңғы екі тұжырымның тіл білімінен орын алуын анықтау үшін қазіргі ұстанымдарға назар аудару қажет. Бұл орайда бізге ғалым Г.Смағұлованың ғылыми және практикалық ұстанымдары көмекке келеді. Әсіресе ғалымның мағыналас фразеологизмдер мәселесіндегі ойлары қазіргі қазақ іліміне қомақты үлес қосатын болады. Саралай келгенде, А.Байтұрсынұлының «Адамның ішкі ғаламы мен тысқы ғаламы түйіседі» дегенінің бір дәлелі осы болса керек.

Сонымен, тілдегі тілдік бірліктердің қай-қайсысының даму тарихы болады. Оны көрсетуде жалпы әлемдік тіл білімі көшбасшыларының тұжырымдары тарқатылып отырады. Бүгінгі шағын мақала жүйесі де осындай ғылыми тұжырымдарды алға тартты. Өз кезегінде

ғылыми тұжырымдар қазақ тіл білімінің ертеректегі еңбектерінен (Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, және кейінгі буынның (Г.Смағұлова) ғылыми ізденістерінен орын алды. Нәтижесінде, сөздердің тұрақтану аспектісі жан-жақты талдауға түсті. Бұл тұрғыда аталған тақырып ғылым Г.Смағұлованың біраз еңбектері арқылы жүйеленуге түскені байқалады. Соңғы жиырма жыл шамасында тек бір бағытта – қазақ тіл білімінің фразеологиясы бағытында – еңбек ұсынған ғылым фразеологизмдердің мағыналас құрылымын, олардың варианттылық есебін, фразеологиялық мағына тағанын бекіту мен парадигмалық құрылымын түгендеуде жан-жақты және қажетті теореманы тұрақтандырған деп есептейтін кез келді.

1. Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М.: Аспент Пресс, 2000. – 275 с.
2. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Павлодар: Торайғыров университеті, 2010. – 320 с.
3. Levi-Bruyl L. La mentalite primitive. В книге: Психология мышления. Под ред. Ю.Б.Гиппенрейтер и В.В.Петухова. – М.: Изд. МГУ, 1980. – С. 130-140.
4. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай баспасы, 2013. – 640 б.
5. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдер сөздігі. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010. – 252 б.
6. Будагов Р.А. Очерки по языкознанию. – М.: Изд. АН СССР, 1953. – 280 с.
7. Общее языкознание. Внутренняя структура языка. – М.: Изд. «Наука», 1972. – 568 с.
8. Смағұлова Г. Фразеологизмдердің семантикалық категориялары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 178 б.
9. Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным баспасы, 2010. – 194 б.